ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қыркүйек №7119-24-00-2/8526 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта Ж.С.Демеуова отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«ABADAN» жеке кәсіпкері атынан Марияхан Даулетовна Мусабекова,
«Демишова Л.В.» жеке кәсіпкері атынан Лилия Владимировна Аубакирова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы Г.Н.Нурланова, талап қоюшының өкілдері Б.Ә.Кәден, Г.Т.Сыздық, жауапкердің өкілі Ю.В.Солоник

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

21 ақпан 2024 жылы талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер «ABADAN» ЖК (Өнім беруші) арасында №030140001998/240070/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 1 333 000 теңге шарт (бұдан әрі – №70 Шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде 1000 дана штатив жеткізіп беруге міндеттенген.

Алайда тауар жеткізілмеген. Сол себепті Шарт 11 қыркүйек 2024 жылы бұзылған.

23 ақпан 2024 жылы талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер «Демишова Л.В.» ЖК (Өнім беруші) арасында №030140001998/240132/00

Документ подписан: Искалиева А. С., 18.09.2024
Дата вступления в законную силу: 08.11.2024, судья Алимбетов А. С., 08.11.2024
7119-24-3-6/731

тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 1 349 000 теңге шарт (бұдан әрі – №132 Шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде 71 дана зертханалық электрод жеткізіп беруге міндеттенген.

Алайда тауар жеткізілмеген. Сол себепті Шарт 11 қыркүйек 2024 жылы бұзылған.

Жауапкерлердің шартта белгіленген міндеттемесін толық орындамауымен негіздеп, талап қоюшы жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талап қоюды қолдады. «Демишова Л.В.» ЖК-нің жеткізген тауары техникалық сипаттамаға сәйкес болмағандықтан қабылданбады, сәйкессіздік электродтардың мемлекеттік өлшем тізбесінде болмауымен анықталады, себебі электродтар метрологиялық бақылау объектісі болғандықтан, айналымға шығару алдында аталған тізілімге тіркелуі қажет деп көрсетті.

Жауапкер «ABADAN» ЖК-нің өкілі бір сот отырысына қатысып, талаппен келісетінін айтты, қалған сот отырыстарына қатыспады.

Жауапкер «Демишова Л.В.» ЖК-нің өкілі талапты мойындамады, тауар уақытында жеткізілді, электродтарды мемлекеттік өлшем тізбесіне өндіруші енгізеді, ал жеке кәсіпкер сатып алушы, сондықтан элеткродтардың тізбеде болуы-болмауына жауап бермейді деп көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабы 5-тармағы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес

Документ подписан: Искалиева А. С., 18.09.2024
Дата вступления в законную силу: 08.11.2024, судья Алимбетов А. С., 08.11.2024
7119-24-3-6/731

әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Анықталғандай, жауапкер «ABADAN» ЖК-і жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тауарды жеткізбеген, осылайша шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

Ал жауапкер «Демишова Л.В.» ЖК-і бойынша мемлекеттік сатып алу порталындағы мәліметтер негізінде сотпен анықталғаны, жауапкер тауарды 25 наурызға дейін жеткізуге тиіс болған, алайда тауарды 9 сәуірде жеткізіп, порталға тауарды тапсыру-қабылдау актісін тіркеген. 24 сәуірде Тапсырыс беруші «Тауар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді» деген негізбен актіні бекітуден бас тартқан.

Тапсырыс беруші тауар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді деген уәжінде Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңының 19 бабы 1-бөлімінің талаптарына сүйенеді, яғни метрологиялық бақылау объектілері болып табылатын өлшем құралдары айналымға шығарылу алдында олардың типі бекітілгеннен кейін немесе метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелгеннен кейін, жөндеуден кейін пайдаланылу кезеңінде салыстырылып тексеріледі.

Алайда сот, бұл норма тауар өндірушілерге (айналымға шығарушы) қатысты деп есептейді.

№132 Шарттың 5.1 тармағына сәйкес Өнім беруші тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады: 1) ақпарат тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері; 2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты/сәйкестігі

Документ подписан: Искалиева А. С., 18.09.2024
Дата вступления в законную силу: 08.11.2024, судья Алимбетов А. С., 08.11.2024
7119-24-3-6/731

туралы декларация/мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі; 3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты.

Анықталғандай, жауапкер тауармен бірге дайындаушы зауыт берген сапа сертификатын қоса ұсынған.

Бұл сертификатта (№BYPR3308000009) келесі мәліметтер көрсетілген: тауарды өндіруші – «Ратон» ашық акционерлік қоғамы, Беларусь Республикасы, сертификат 2023 жылдың 1-сәуірінен 2024 жылдың 1-сәуіріне дейін жарамды.

Жоғарыдағылар негізінде сот, «Демишова Л.В.» ЖК-і тауарды Шартта бекітілген мерзімнен кешіктіріп жеткізген (9 сәуірде), оның үстіне тауарға қоса тіркелген сертификаттың жарамдылығы өткен, сөйтіп өз міндеттерін орындауда жосықсыздық танытқан деген тұжырымға келеді.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, Өнім берушілердің тауарды жеткізбеуіне байланысты Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын ескеріп, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «ABADAN» жеке кәсіпкері атынан Марияхан Даулетовна Мусабековаға, «Демишова Л.В.» жеке кәсіпкері атынан Лилия Владимировна Аубакироваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ABADAN» жеке кәсіпкері атынан Марияхан Даулетовна Мусабекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ABADAN» жеке кәсіпкері атынан Марияхан Даулетовна Мусабековадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер «Демишова Л.В.» жеке кәсіпкері атынан Лилия Владимировна Аубакирова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Искалиева А. С., 18.09.2024
Дата вступления в законную силу: 08.11.2024, судья Алимбетов А. С., 08.11.2024
7119-24-3-6/731

Жауапкер «Демишова Л.В.» жеке кәсіпкері атынан Лилия Владимировна Аубакировадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С. Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 18.09.2024

Дата вступления в законную силу: 08.11.2024, судья Алимбетов А. С., 08.11.2024

7119-24-3-6/731